


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
комитеті Қостанай облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаменті»
республикалық мемлекеттік
мекемесі

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

Республиканское государственное
учреждение «Департамент сани-
тарно-эпидемиологического кон-
троля Костанайской области Коми-
тета санитарно-
эпидемиологического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

09.03.2021 ж. № 10

Қостанай қаласы

Қостанай облысының бас мемлекеттік
санитарлық дәрігерінің 04.02.2021 жылғы
№ 5 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Костанай

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына сәйкес, «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысымен (бұдан әрі - ҚР МСҚБ № 67) және «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысымен бекітілген, Қостанай облысының тұрғындары арасында COVID -19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қостанай облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 5 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақтың 12-1) тармақшасы «кинотеатрлардың, театрлардың» деген сөздерден кейін «мәдениет үйлерінің, концерт залдарының» деген сөздермен толықтырылсын»;

2) 1-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде қала сыртындағы жол бойы сервисі объектілерінің қызметіне рұқсат беру, толтырылуы 50%-дан аспайтын және бір мезгілде 50-ден аспайтын келушілер болған жағдайда, 1 үстелде 4-6 адамнан аспайтын, үстелдер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр, жұмыс режимін белгілей отырып, сағат 07:00-ден 24:00-ге дейін, салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, ҚР МСБДҚ № 67 талаптарын сақтай отырып. Сағат 24:00-ден кейін тек алып кетуге және жеткізуге рұқсат етіледі»;

3) 1-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) азық-түлік емес тауарларды, сауда кешендерін, сауда үйлерін, сауда желілерін, азық-түлік емес дүкендерді сату бөлігінде сауда-ойын-сауық орталықтарының қызметіне күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, 1 келушіге 30% - дан аспайтын және кемінде 4 ш.м. толтырылатын штаттық күн тәртібімен рұқсат беру. Ойын-сауық аймақтарының жұмысына рұқсат етілмейді»;

4) 1-тармақтың 19) тармақшасындағы «жексенбі жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың жұмысына тыйым салу» деген сөздер алып тасталсын;

5) 1-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«25) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанында рұқсат етілсін;

- контингенті 300-ге дейін, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқыту;

- мектепалды сыныптардың оқушылары үшін жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5 - сыныпты қоса алғанда, халықаралық мектептерде 7-сыныпты қоса алғанда, сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспайтын аралас форматта оқыту;

- құрама форматта оқу аптаның 6 күні ішінде бітіруші сыныптар үшін (9, 11 (12) сыныптар): пәндердің 70% - ы штаттық режимде, 30% - ы қашықтықтан (*сыныпта 15 адамнан артық емес, "1 – сынып-1 кабинет" қағидаты бойынша оқыту, санитарлық-дезинфекциялық және беттерде режимін сақтау*);

- білім беру ұйымының шешімі бойынша 15 адамнан аспайтын топтарда оқушылардың сабақтан тыс уақытта жеке оқытылуы»;

6) 1-тармақтың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«27) топта саны 25 адамнан аспайтын мектепке дейінгі балалар мекемелерінің (кезекші топтардың) қызметіне рұқсат беру»;

7) 1-тармақтың 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«33) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, бір келушіге 4 ш. м. есебінен қоғамдық моншалардың жұмысына рұқсат беру»;

8) 1-тармақтың 34) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«34) алдын ала жазылу бойынша күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, СПА-орталықтарының (салондардың), аквапарктер мен термопарктердің жұмысына рұқсат беру, бір уақытта келушілердің жобалық сыйымдылығынан 50% - дан аспайтын мөлшерде және бір келушіге 5 ш. м. есебінен»;

9) 1-тармақтың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«35) 1 адамға су айнасының 5 ш. м есебінен алдын ала жазылу бойынша бассейндер қызметіне рұқсат беру»;

10) 1-тармақтың 37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«37) жабық спорт объектілерінің (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары, фитнес-орталықтар, спорттық-сауықтыру орталықтары

және басқалары) бір келушіге 50% - дан аспайтын және кемінде 5 ш. м. толтырылуын қамтамасыз еткен кезде, жұмыстың штаттық кестесі бойынша жұмыс істеуіне рұқсат беру»;

11) 1-тармақ мынадай редакциядағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын: «37-1) облыс 2021 жылғы 13 наурыздан бастап «жасыл аймақта» болған жағдайда, көрермендер залын 20% - ға дейін толтырумен көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізуге рұқсат».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2021 жылғы 10 наурыз сағат 00-00-ден бастап күшіне енеді.

**Қостанай облысының бас
мемлекеттік санитарлық дәрігері**



Е. Даулетбаев